


**БЕКІТЕМІН:**

Мектеп директоры: *С.Т. Рамазанова* Рамазанова С. Т.



«Ақмола облысы Білім басқармасының  
Біржан сал ауданы бойынша  
Мамай ауылының негізгі орта мектебі» КММ

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС  
ЖОСПАРЫ МЕН ОТЫРЫСТАРЫ  
/2023-2024 оқу жылы/**

**2023 жыл**

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
<b>№ 1 педагогикалық кеңес отырысы</b>			
1	Өткен оқу жылының қорытындысы. Жаңа 2023-2024 оқу жылының міндеттері	Тамыз	Мектеп директоры
2	Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарын, жұмыстық оқу жоспарын, сабақ кестесін, мұғалімдердің жүктемесін, үйірме, мектептің ішкі тәртіп ережесін, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жоспарын бекіту туралы, лауазымдық міндеттерді бекіту		Мектеп директоры
3	2023-2024 оқу жылына бекітілген пән бірлестіктерін құру, пән бірлестік жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін, сынып жетекшілерін тағайындау, педагогикалық, директор жанындағы кеңес, әдістемелік кеңес құрамын, құқықтық кеңестің құрамын, аттестациялық комиссия, сараптамалық кеңес құрамын бекіту		Мектеп директоры
4	Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы», «Педагог статусы», «педагог әдебі» заңдары бойынша баяндау		Е.Хойчбай
5	«Мектепке жол» акциясы туралы		Т.Қуат
6	1-сынып оқушыларын мектепке қабылдау туралы		Мектеп директоры
<b>№2 педагогикалық кеңес отырысы</b>			
1	Өткен пед.кеңес шешімінің орындалуы туралы .	Қараша	Мектеп директоры
2	I тоқсан қорытындысы, оқушылардың білім сапасы. Жаңартылған білім		Е.Хойчбай

	сапасының тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесі		
3	Бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстардың қорытындысы		Т.Қуат
4	Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу мақсатында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы		Т.Қуат
5	«Тиімді оқыту әдістемелерінің өзектілігі – тәжірибеде» баяндама		Д.Нуржанова
6	5-сынып оқушыларының ортаңғы буынға бейімделуіне қолдау көрсету жұмыстарының жүргізілуі		Сынып жетекшісі
<b>№3 педагогикалық кеңес отырысы</b>			
1	Өткен пед.кеңес шешімінің орындалуы туралы	Қаңтар	Мектеп директоры
2	I жартыжылдықтағы тоқсан қорытындысы бойынша оқушылар қозғалысының есебі мен білім сапасы мен үлгерімі. «Үздік аттестатқа» ұсынылған оқушылардың құжаттарын дайындау		Е.Хойчбай
3	Әлеуметтік педагогтың I жартыжылдық есебі. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы		А.К.Шабарова
4	ҚР Мемлекеттік рәміздерін пайдалану, қолдану, насихаттау жұмыстарының жүргізілуі		Т.Қуат
5	Аттестатталушы мұғалімдердің I ж/ж бойынша құжаттары қорытындысы, II ж/ж өтініш алу		Е.Хойчбай
6	«Ағылшын тілі сабағында білім сапасын		Қабиденова А.С.

	арттыру мақсатында ойын технологиясын пайдалана отырып, оқушы құзыреттілігін дамыту» баяндама		
<b>№4 педагогикалық кеңес отырысы</b>			
1	Өткен пед.кеңес шешімінің орындалуы туралы	Наурыз	Мектеп директоры
2	ІІІ тоқсан қорытындысы, білім сапасының мониторингі		Е.Хойчбай
3	«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының орындалуы		А.Токубаев
4	Мектепалды даярлық тобы мен жартыкүндік шағын орталықтың жұмысын зерделеу		Шабарова А.К. Амантай И.
5	Дарынды оқушылармен атқарылған жұмыстар		Т.Қуат
6	«Білім бастауы тәрбие» баяндама		Бугабай М.
<b>№5 педагогикалық кеңес отырысы</b>			
1	№5 педагогикалық кеңес Жылдың қорытындысы бойынша білім сапасы мен оқу үлгерімінің қорытындысы	Мамыр	Е.Хойчбай
2	Мұғалімдерді марапаттау туралы		Мектеп директоры
3	Қорытынды аттестаттауға әзірлік (кесте құру, комиссия құру, пед.кеңеске бекітуге ұсыну)		Е.Хойчбай
4	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру		Т.Қуат
5	Оқушыларды сыныптан-сыныпқа көшіру, марапаттау туралы		Мектеп директоры

6	9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы		Мектеп директоры
7	Қызметкерлерді кезекті еңбек демалысына жіберу туралы		А.Токубаев
<b>№6 педагогикалық кеңес отырысы</b>			
1	Негізгі орта білім туралы үздік аттестат алушылардың тізімін бекіту туралы	Маусым	Мектеп директоры
2	Негізгі, жалпы орта білім туралы аттестатты беру туралы		Мектеп директоры
3	9-сынып оқушыларын мектеп есебінен шығару туралы		Мектеп директоры
4	Еңбек практикасы және жазғы сауықтыру лагерінің қорытындысы		Сынып жетекшілері
5	Оқушылардың жазғы қауіпсіздігі		Т.Қуат

## Педагогикалық кеңес отырысы Хаттама №1

Күні: 28. 08. 2023 жыл  
Қатысқандар: 14 мұғалім

**Тақырыбы:** «Білім мен ғылым – егіз ұғым»

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен оқу жылының қорытындысы. Жаңа оқу жылының міндеттерін айқындау. 2023-2024 оқу жылына оқу-тәрбие жоспарын бекіту. (мектеп директоры)
2. «2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» бұйрығымен таныстыру. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Мұғалімдердің апталық сағат жүктемесін бекіту. (мектеп директоры, ОІМ)
3. Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарын, жұмыстық оқу жоспарын, сабақ кестесін, мұғалімдердің жүктемесін, үйірме, мектептің ішкі тәртіп ережесін, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жоспарын бекіту туралы, лауазымдық міндеттерді бекіту.
4. Әдістемелік бірлестік пен сынып жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін бекіту, жұмыс тәртібі, ішкі күн тәртібі. Педагогикалық, директор жанындағы отырыстар, кеңестер, әдістемелік кеңес құрамы, аттестациялық комиссия, сараптамалық кеңес құрамын бекіту.
5. Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясының жұмысын жүйелі жалғастыру туралы.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы», «Педагог статусы», «Педагог әдебі» заңдары бойынша баяндау.
7. «Мектепке жол» акциясы туралы.
8. 1-сынып оқушыларын мектепке қабылдау.

**Тыңдалды:**

**Рамазанова С. Т. (директор):**

Мектеп директоры Рамазанова С. Т. 2022-2023 оқу жылының сараптамасын жасап, өткен оқу жылында өткізілген іс-шаралардың қорытындысын баяндады:

2022-2023 оқу жылындағы мектеп оқушыларының мектептегі көрсеткіштерін талдау білім сапасының деңгейі қолайлы екендігін көрсетеді.

Өткен оқу жылында оқытушылар құрамы жалпы және орта білім туралы заңды құжаттар, мемлекеттік бағдарламаларды өз жұмысында басшылыққа алды. Оқу үрдісін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі және «кілт ретінде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жүйелі әрекетті қамтамасыз ету мәселесін шешуге бағытталған болатын талаптарға сәйкес, білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері негізінде жүзеге асырылды.

Мамай негізгі орта мектебінің ОІМ-сі Хойчбай Е. 2023-2024 жаңа оқу жылының басталуы туралы бұйрықпен таныстырды.

2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек; аяқталуы 25 мамыр. Жаңа оқу жылының негізгі ерекшеліктері:

Оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-9- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің  
1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады;  
2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады;

Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен оқу жүктемесі  
1 сағатқа артады.

Негізгі орта (5-8-сыныптар) деңгейінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.

Оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-9- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің  
1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады;  
2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады;

Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен оқу жүктемесі  
1 сағатқа артады.

Негізгі орта (5-8-сыныптар) деңгейінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.

Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру.

«Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу

«Білім беруді өзгертудегі 1000 көшбасшы» республикалық кадрлық резервтің деректер қорын жасау.

Оқу жылының ішіндегі каникул кезеңдері: 1-9-сыныптарда: күзгі каникул 7 күн /2023 жылғы 30 қазан - 5 қараша аралығында/, қысқы 10 күн /2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында /, көктемгі - 9 күн /2024 жылғы 21- 31 наурыз аралығында/;

Оқу ісінің меңгерушісі Хойчбай Ермурат жаңа оқу жылындағы кабинет меңгерушілері мен сынып жетекшілерін бекіту туралы сөз сөйледі:

Мамай негізгі мектебінің кабинет, сыныптарының меңгерушілері төмендегіше бекітілді:

Мектеп кабинеттерінің ішінде информатика кабинеті ақылы, төленеді. Жалпы 8 сынып кабинеттері бар. Олардың 4-еуі бастауыш, 1 қазақ тілі, 1 физика, 1 математика, 1 тарих сынып бөлмелері бар. Сынып жетекшілері ретінде мына мұғалімдер бекітілді: мектепалды даярлық - Шабарова А. К., 4-сынып – Нуржанова Д. М., 1-сынып - Ахметкалиева Қ. Ж., 5-6-сынып – Бугабай М., 7-8-сынып – Кабиденова А.С. 9-сынып – Қуат Т;

Мектептің ТІМ-сі Қуат Тілеуберді 2023-2024 оқу жылындағы мектептің ішкі жұмыс тәртібімен таныстырып өтті:

Мектептің ішкі жұмыс тәртібі ережелерін жасау үшін ҚР-ның Конституциясы, ҚР «Білім туралы заңы», ҚР «Бала құқықтары туралы конвенция», ҚР «Еңбек кодексі», ҚР «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы», «тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы ережесі», ҚР Үкіметінің Қаулысы және мектеп Жарғысы басшылыққа алынды.

Мектептің жұмыс уақыты 8.00-18.30. Түскі үзіліс: 13.00 – 14.30; Кезекшілер: 1-ауысым: 8.30-14.00; 2-ауысым: 14.00 – 18.30; Кітапхананың жұмыс уақыты: 10.00 – 12.00, 15.00-17.00; педагог-психологтің жұмыс уақыты: 9.00 – 12.00, 15.00 – 17.00  
Мектеп әкімшілігінің кезекшілігі: 8.00-18.30

Мектеп әкімшілігінің кезекшілік кестесіне сәйкес жауаптылар: Рамазанова С. Т (директор, дүйсенбі), Хойчбай Е. (сәрсенбі, ОІМ), Қуат Т. (сейсенбі, ТІМ), Нуржанова Д.М., (тәлімгер, бейсенбі), Токубаев А. М. (іс-қағаздар жүргізушісі, бейсенбі), Антаев К. Ж. (шаруашылық басшысы, жұма);

Психолог Машан С:

- Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалар жоқ. Тек тілдік кедергі бойынша және оқу үлгерімі төмен оқушылар бар. Ондай оқушылармен оқу жылы бойына сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен бірлесе отырып қосымша жұмыстар атқарылатын болады.

Мектеп директоры Рамазанова С. Т. мектептегі педагогикалық білім беруді жаңғырту, оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптарды сақтау «Педагогикалық әдеп», «Педагог мәртебесі» заңы бойынша сөз сөйлеп, аталған бағыттар негізінде түсіндіру, талдау жұмыстарын жүргізді.

Рамазанова С. Т:

- Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясының жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №183 27.06. 2023 жылғы өзгертпесіне сәйкес мектептің өзін – өзі бағалау комиссиясы мүшелерінің әрқайсысының жекелеген міндеттемелері жүктелді.

«Мектепке жол» акциясының жүргізілуі туралы ТІМ Қуат Тілеуберді:

- «Жаппай біліммен қамту» қоры, «Мектепке жол» акциясы аясында мұғалімдер жаңа оқу жылына оқушылардың оқу құралдары мен мектеп формасы қажеттіліктерін бағдарлау мақсатында арнайы рейдтер жүргізді. Мектепте әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар жоқ.

1-сыныптың жетекшісі Ахметкалиева Қ. Ж.

- Мамай мектебінің 1-сыныбына жаңа оқу жылында 4 оқушы қабылданды. 1 ұл, 3 қыз бала. Балалардың бейіні жақсы. Пәндер бойынша алғашқы қарапайым дағдыларды меңгерген.



## Шешім

Өткен оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысындағы басымдықтар мен олқылықтарды ескере отырып, мектептің жұмыс жоспарына сай жаңа оқу жылының педагогикалық қызметі жүзеге асырылсын.

2023-2024 оқу жылына арналған ӘНХ-дағы өзгерістер мен жаңашылдықтар ескеріле отырып бағыттар мен пәндер бойынша сапалы жұмыс жасалсын.

Мектеп кабинеттері, сынып бөлмелеріне жауапты болып бекітілген ұстаздар өзіне жүктелген кабинет, сыныптардың әдістемелік, санитарлық талаптарға сай пәндік-тақырыптық стенд, көрнекіліктермен, ресурстармен жабдықталуына мән беріп, тазалығын қадағаласын. Сынып жетекшілері жауапты сыныптары бойынша оқу жылы бойында атқарылатын барлық іс-шараларға тыңғылықты дайындалсын.

Мектеп ұжымы мектептің ішкі жұмыс тәртібі мен күн тәртібіне жауапкершілікпен қарасын, тәртіпке бағынсын.

Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелерінің әрқайсысының жекелеген міндеттемелері жүктелсін. Оқу ісінің меңгерушісі мен тәрбие ісінің меңгерушісі өздерінің құзыретіне сай құжаттарды уақытылы рәсімдесін. Тоқубаев Аслан құжаттарды сайтқа жүктеу жұмысын ұйымдастырсын. Барлық ұжым мектептің өзін-өзі бағалау жұмысына тыңғылықты дайындалсын.

Педагог қызметкерлер педагогтың әдебін сақтап, кез келген ортада өзін педагог ретінде тек жоғары мәдениеті мен ізгілікке негізделген көркем мінез-құлқы деңгейінде танылсын.

1-сынып оқушыларын бастауыш оқу үрдісіне бейіндеу жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы:  С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Е. Хойчбай

«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Мамай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа села Мамай отдела образования по району Биржан сал управления образования Акмолинской области»

020700 Мамай ауылы  
Ш.Уалиханов к., 11үй  
тел. 87163924775

020700 село Мамай  
ул.Ш.Уалиханова, д.11  
тел. 87163924775

### Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

2023 ж. " 27 " \_қазан\_

Қатысқандар: \_\_14\_ адам.

#### Күн тәртібі:

Мектептің өзін-өзі бағалау жұмысы барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №183 27.06.2023 жылғы өзгертпесіне сәйкес мектептің өзін – өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру.

Ұстаздар, ата-аналар мен оқушылардан алынған сауалнама қорытындысы.

4,9-сынып оқушыларының пәндер бойынша білімдерін бағалау тестінің нәтижесі туралы.

#### Тыңдалды:

Мектеп директоры С. Т. Рамазанова:

- Жоғарыда аталған министрдің бұйрығына сәйкес «Мамай ауылының негізгі орта мектебі» КММ білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жүргізіп, тиісті құжаттарды 2023 жылдың қараша айының басында аттестаттау ұйымына жолдайды. Мектептің соңғы үш жылды қамтитын /2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылының I тоқсаны / оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық құжаттарын толық дайындады.

Мектептің оқыту, білім беру сапасы туралы, жалпы оқыту мен тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыру бойынша сауалнамалар ұстаздар ұжымына, ата-аналар мен оқушыларға ұсынылып, толтырылды. Сауалнама соңында талдау жұмыстары жүргізілді.

- 4, 9- сынып оқушылары білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде негізгі пәндер бойынша /4-сыныпта қазақ тілі, математика, 9-сынып, қазақ тілі, алгебра, химия, әдебиет /бойынша тест тапсырды.

Р/с №	Сыныбы	Тізім бойынша журналдағы оқушылар	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны "5"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "2"	Орташа балл	Оң бағалар %
-------	--------	-----------------------------------	------------------------------	------------------	------------------	------------------	------------------	-------------	--------------

		саны							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.	4	4	4	-	1	1	2	14,25	50%
2.	9	2	2	-	2	-	-	43	100%

Тест нәтижесі бойынша 4, 9-сынып оқушыларының білім деңгейі стандарт талаптарына сай деп танылды.

### Шешімі:

«Мамай ауылының негізгі орта мектебі» КММ білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жүргізіп, тиісті құжаттар аттестаттау ұйымына жіберілсін. Мектептің соңғы үш жылды қамтитын /2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылының I тоқсаны / оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық және басқа да барлық талап етілген құжаттар мектеп сайтына жүктеліп, аттестаттау ұйымының сұрауына сәйкес құжаттар, ілеспе хат жөнелтілсін.

Төрайымы:  С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Е.Хойчбай